



**БҰЙРЫҚ**

*24.07.2023 жк*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *387-Ө*

город Астана

**«Гидрометеорология және экология»  
журналының редакциялық саясатын  
және редакциялық алқасының құрамын  
бекіту туралы**

«Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналының жұмысын жетілдіру, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдардың тізбесіне енгізілетін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды орындау мақсатында және редакциялық алқаның жекелеген мүшелерінің құрамы мен мәртебесінің өзгеруіне байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төмендегілер:

1) «Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналының редакциялық саясаты осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналының редакциялық алқасының құрамы осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Гидрометеорология және экология» журналының редакциялық алқасын құру туралы» «Қазгидромет» РМК Бас директорының 2016 жылғы 14 сәуірдегі №307-Ө бұйрығының және «Гидрометеорология және экология» журналының редакциялық алқасын құру туралы» «Қазгидромет» РМК Бас директорының 2016 жылғы 14 сәуірдегі №307 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» «Қазгидромет» РМК Бас директорының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі №1159-Ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қазгидромет» РМК Бас директорының орынбасары С.Б. Саировқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Бас директордың орынбасары С.Б. Саировтың 2023 жылғы 21 шілдедегі №12-12/84 қызметтік жазбасы.

Бас директор

Д. Алимбаева


**Келісілді:**

Бас директор орынбасары

 \_\_\_\_\_ С. Саиров

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Бас бухгалтер

 \_\_\_\_\_ О. Макатов


« 24 » 04 \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы

 \_\_\_\_\_ А. Қасымханова

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Әкімшілік департаментінің директоры

 \_\_\_\_\_ Г. Тулебаева

« 24 » 04 \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Ғылыми-зерттеу орталығының директоры

 \_\_\_\_\_ Н. Абаев

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Аудармашы

 \_\_\_\_\_ Н. Сарсекен

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

«Қазгидромет» РМК  
Бас директоры  
2023 ж. «24» шілде  
№ 387-0 бұйрығына  
1 қосымша

**«Гидрометеорология және экология»  
ғылыми-техникалық журналының  
РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналы (бұдан әрі - Журнал) Қазақстан Республикасының 1999 жыл 23 шілдедегі № 451-І «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», 1996 жыл 10 маусымдағы № 6-І «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңдарына сәйкес шығарылады. Журналдың құрылтайшысы және баспагері «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны. Журнал 1995 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

1.2. Журналды шығаруға дайындау жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 «Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына, Журналдың осы редакциялық саясатына және Журналдың редакциялық алқасының шешімдеріне сәйкес жүргізіледі.

1.3. Журнал – жылына 4 нөмірден шығарылатын, <https://journal.kazhydromet.kz/index.php/kazgidro/index> мекен-жайда орналасқан, ISSN индексі 2789-6323 (онлайн) бар рецензияланған басылым.

1.4. Журналдың редакциялық саясатында келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

**Автор** — ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша мақала жазуға қатысатын адам немесе адамдар тобы (авторлар тобы).

**Бас редактор** – редакциялық алқа мен Журнал редакциясын басқаратын тұлға. Журнал өндірісі мен шығаруға қатысты шешім қабылдайды.

**Редакциялық алқа** – бас редакторға мақалаларды таңдауда, дайындауда және бағалауда көмек көрсететін беделді ғалымдар тобы.

**Рецензент** – мақаланың тақырыбына ең жақын ғылыми мамандануы бар және мақаланы жариялаудың орындылығын бағалайтын жетекші маман.

**Рецензиялау** – Журналда жариялаудың орындылығын анықтау, сондай-ақ оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында мақаланы қарау және сараптамалық бағалау рәсімі.

1.5. Ғылыми-техникалық сипаттағы мақалалар «Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналында мақалаларды қарау тәртібі туралы редакциялық саясатқа сәйкес оң рецензия болған кезде ғана жарияланады. Журналға жіберілген қолжазбаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ оларды жариялау шарттары техникалық талаптарда белгіленген (1-қосымша).

1.6. Журнал отандық және әлемдік гидрометеорологиялық ғылым мен практиканың негізгі проблемалары мен жетістіктерін, метеорологияның, гидрологияның, агрометеорологияның, авиациялық және ғарыштық метеорологияның, климаттың өзгеруі мен олардың салдарларының, табиғи ортаның ластануының, жаһандық, өңірлік салдарлардың өзекті мәселелері бойынша отандық және шетелдік мамандар мен ғалымдардың жұмыстарын жариялау жолымен табиғи ортаның ластануы мен жай-күйіне мониторинг жүргізу және климат мониторингі проблемаларын және биосферадағы жергілікті өзгерістер, сондай-ақ ғылымның қазіргі жетістіктерін практикалық пайдалану мәселелері бойынша, ауа-райын, климаттың өзгеруін, су объектілерінің жай-күйін, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін, гидрометеорологиялық процестер мен құбылыстарға белсенді әсер ету жөніндегі жұмыстарды болжау әдістерін баяндайды.

Сондай-ақ, жаңа кітаптар, монографиялар, атластар мен анықтамалық әдебиеттер шығару, конференциялар мен кеңестер өткізу және ғылыми қызметтің басқа да оқиғалары туралы қысқаша хабарламалар, көрнекті ғалымдар туралы материалдар жарияланады.

1.7. Журнал басылымын қаржыландыруды Журнал баспагері жүзеге асырады. Журналда мақалаларды жариялау үшін мақала авторлары мен ұйымдардан ақы алынбайды. Журналда мақалалар жариялағаны үшін авторлық сыйақы төленбейді.

## **2. ЖУРНАЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Журнал қазақстандық және халықаралық ғылыми-ақпараттық жүйенің бөлігі ретінде мынадай міндеттерді шешуге қатысады:

– Қазақстанның, ТМД елдерінің және алыс шетелдердің гидрометеорологиялық қызметі мен ғылыми ұйымдарының ғылыми-зерттеу, ғылыми-практикалық және инновациялық қызметінің нәтижелерін көрсету;

– гидрометеорологиялық қызмет көрсетудің ғылыми құрамдас бөлігін қалыптастыру және ғылымның қазіргі заманғы жетістіктерін практикалық пайдалануды насихаттау;

– ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал ететін ашық ғылыми пікірталасты қалыптастыру.

## **3. ЖУРНАЛДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

3.1. Журналды қалыптастыру және шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды бас редактор, редакциялық алқа және жауапты хатшы жүзеге асырады.

3.2. Редакциялық алқаны бас редактор басқарады, ал ол болмаған кезде оның тапсырмасы бойынша бас редактордың орынбасары басқарады. Бас редактор жарияланатын материалдардың өзекті тақырыбын қалыптастыру және журналды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жұмыстарымен айналысатын редакциялық алқа жұмысына басшылық етеді.

3.3. Журналдың бас редакторы «Қазгидромет» РМК Бас директоры болып табылады.

3.4. Редакциялық алқа журналдың ұжымдық басқару органы болып табылады және оның тақырыптық бағытын, басылымның жылдық және перспективалық жоспарларын, кезекті нөмірлердің мазмұнын айқындайды, мақалалардың сапасын бағалайды және мақалаларды жариялау туралы шешім қабылдайды.

3.5. Редакциялық алқаның құрамына журнал басылымының басым бағыттары бойынша беделді ғалымдар, оның ішінде Web of Science немесе Scopus халықаралық деректер базасында Хирш индексі кемінде 2 (екі) ғалымдар кіреді.

3.6. Редакциялық алқаның құрамы Бас редактор орынбасарының ұсынысы бойынша «Қазгидромет» РМК Бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.7. Редакциялық алқадағы жұмыс қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

3.8. Редакциялық алқаның отырыстары қажеттікке қарай өткізіледі. Редакциялық алқаның отырысына оның құрамының кемінде жартысы қатысса заңды деп есептеледі. Шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Редакциялық алқа мүшелері арасында жекелеген мәселелер бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда түпкілікті шешімді бас редактор қабылдайды.

3.9. Редакциялық алқа мүшелерінің шешімін электрондық пошта арқылы немесе аудио - немесе бейнеконференция арқылы алуға жол беріледі.

3.10. Қолжазбалар журналдың тақырыбына, қолжазбаларды ресімдеудің белгіленген талаптарына, этикалық нормаларға сәйкес келмеген жағдайда бас редактор немесе оның орынбасары оларды қараусыз қалдыруы мүмкін.

3.11. Редакциялық алқаның құзыретіне төмендегілер:

– арнайы шығарылымдарды қоса алғанда, жарияланымдар жоспарын қабылдау және журналдың әрбір нөмірінің мазмұнын талқылау;

– журналдың мазмұны мен рәсімделу сапасын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

– журналды шығаруға және таратуға мүдделі ұйымдармен байланыстарды қолдау;

– журналда жариялауға ұсынылған қолжазбаларды бағалау кіреді.

3.12. Редакциялық алқа мүшесі төмендегі құқтарға ие:

– жарияланымдардың тақырыбын ұсыну;

– журнал нөмірлерін дайындауға қатысу;

– рецензияланған қолжазба бойынша мынадай шешімдердің бірін ұсыну: қолжазбаны жариялауға жарамды деп тану, қолжазбаны пысықтау үшін авторға қайтару, қолжазбаны жариялауға жарамсыз деп тану.

3.13. Редакциялық алқаның мүшесінің міндеті:

– бас редактордың тапсырмаларын орындау;

– баспаға ұсынылатын материалдармен танысу және оларды талқылауға қатысу;

– қарастырылып отырған қолжазба бойынша қорытынды беру;

– Журналды шығарумен байланысты іс-шараларға қатысу;

– Журналды белсенді насихаттау, оқырмандар арасында оның беделін арттыруға ұмтылу.

#### **4. МАҚАЛА АВТОРЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

4.1. Журналдағы мақаланың авторы (авторлары) редакцияға техникалық талаптарға сәйкес (1-қосымша) ресімделген журнал бейініне сәйкес тақырып бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақаланың қолжазбасын ұсынған кез келген елдің азаматы болуы мүмкін.

4.2. Мақаланың қолжазбасы Журнал редакциясының кіріс хат-хабарлары журналында тіркеледі.

4.3. Плагиатқа тексеруден өткеннен кейін мақалалар құпия рецензиялауды қолдана отырып, тиісті тақырып бойынша ғалымдарға немесе мамандарға рецензияға жіберіледі

Ұсынылған материалдың сапасы журналға жіберілетін қолжазбаға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес келмесе жауапты хатшы редакциялық алқа келісімі бойынша, мақала авторы (авторлары) ұсынған қолжазбаны рецензиялауға дейін қабылдамауға құқылы. Жариялауға қабылданбаған жағдайда Авторға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі бар хабарлама жіберіледі.

4.4. Мақаланы жариялау, жариялаудан бас тарту немесе рецензенттің ескертулері бойынша оны пысықтау туралы шешімді рецензенттен алған пікір негізінде журналдың редакциялық алқасы қабылдайды.

4.5. Журналда жариялауға қабылданбаған мақаланың авторы (авторлары) рецензенттің ескертулері бойынша оны қайта қарастырып, рецензияға дәлелді жауап бере отырып, журналда жариялау үшін мақаланы қайтадан ұсынуға құқылы. Осыдан кейін мақала рецензия алуға жіберіледі және оны жариялау, жариялаудан бас тарту немесе пысықтау туралы шешімді журналдың редакциялық алқасы қабылдайды.

4.6. Редакцияға пысықталғаннан кейін жіберілген мақала қайта рецензияға жіберіледі. Оны жариялау, жариялаудан бас тарту немесе пысықтау туралы шешімді журналдың редакциялық алқасы қабылдайды.

4.7. Автордың (авторлардың) және рецензенттің пікірлері әртүрлі болған кезде редакциялық алқаның шешімі бойынша мақала рецензиялауға басқа маманға жіберілуі мүмкін.

4.8. Редакциялық алқаның мақаланы Журналда жариялауға қабылдау туралы шешімі (редакция портфелін бекіту) оны Журналдың қалыптастырылатын нөміріне енгізу үшін негіз болып табылады. Журнал нөмірлерінің мазмұны редакциялық алқа отырысында бекітіледі. Редакциялық алқа автор (авторлар) ұсынған мақаланың атауын нақтылауға немесе түзетуге құқылы.

4.9. Журналдың жауапты хатшысы жариялауға дайындалып жатқан мақалаға қажетті редакциялық түзетулер, толықтырулар немесе қысқартулар жасау құқығын сақтайды. Маңызды редакциялық түзетулер немесе сұрақтар болған жағдайда мақала авторға келісуге жіберіледі.

#### **5. МАҚАЛАНЫ ЖАРИЯЛАУ ТӘРТІБІ**

5.1. Авторлар 7-бөлімде ұсынылған ғылыми жарияланымдардың этикасына және 1-қосымшада белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келетін мақалаларды <https://journal.kazhydromet.kz/index.php/kazgidro/index> журнал сайтындағы мақалаларды қабылдау жүйесі арқылы ұсынады.

5.2. Жауапты хатшы келіп түскен материалдарды 3 күн мерзімде тіркеуді, мақалалардың ресімделуіне және мазмұнына қойылатын техникалық талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

5.3. Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін мақалалардың материалдары қайтару себептерін көрсете отырып, келіп түскен күннен бастап 5 күн мерзімде мақала авторларына қайтарылады.

5.4. Мақалалардың қолжазбалары дұрыс емес көшіру және плагиатқа міндетті түрде тексеріледі. Көшіру пайызы 20% - дан аспауы керек.

5.5. Мақалалар редакцияда тіркелген күннен бастап бір ай ішінде сарапшылардың, ғалымдардың немесе тиісті тақырып бойынша мамандардың міндетті "күпия" рецензиясынан өтеді.

5.6. Мақалалар олардың редакцияға түсу кезектілігі тәртібімен шығарылады. Егер мақала авторға пысықтауға жіберілсе, онда келіп түскен күні автордың қайта өңделген мақаланы қайтарған күні болып есептеледі.

5.7. Журнал мақалалары жарияланғаннан кейін еркін қол жетімді интернет-серверлерде орналастырылады.

## 6. РЕЦЕНЗИЯЛАУ

6.1. Журналдың жауапты хатшысы келіп түскен мақалаларды екі жақты "күпия" рецензиялауға жібереді.

6.2. Рецензенттерге оларға жіберілген қолжазбалар авторлардың жеке меншігі болып табылатыны және жария етілмейтін мәліметтерге жататыны туралы хабарланады.

Рецензиялау күпия түрде жүргізіледі, рецензияланатын жұмыстың авторына рецензент туралы деректерді жария ету құқығынсыз рецензия мәтінімен танысуға мүмкіндік беріледі.

6.3. Рецензент мақалаларды қабылдау және рецензиялау жүйесі арқылы журнал сайтында осы Редакциялық саясаттың 2-қосымшасында ұсынылған рецензиялау формасын толтырады.

6.4. Мақалаларды рецензиялау ұзақтығы 4 аптадан аспайтын мерзіммен айқындалған. Қосымша рецензиялау қажет болған немесе мақала тақырыбына сәйкес рецензент уақытша болмаған жағдайда мақаланы рецензиялау мерзімі ұзартылуы мүмкін.

6.5. Мақаланы қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда жауапты хатшы авторды қабылдау немесе қабылдамау туралы хабардар етеді, пікірдің көшірмесін жібереді.

Рецензенттің тегі авторға рецензенттің жазбаша келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

## 7. ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

7.1. «Гидрометеорология және экология» ғылыми-техникалық журналы, журналдың редакциялық алқасы ғылыми жарияланымдар этикасы комитетінің ұсынымдары (<https://publicationethics.org/>) және Elsevier баспасының ғылыми басылымдарының этикасы жөніндегі Нұсқаулығы

(<http://www.elsevier.com/editors/perk>) негізінде өз қызметінде келесі негізгі принциптерді ұстанады:

— Жариялау туралы шешім қабылдаған кезде журналдың редакциялық алқасы қарастырылып отырған жұмыстың ғылыми маңыздылығын, онда ұсынылған деректердің түпнұсқалығын, дұрыстығын, жазбаша көріністің айқындылығы мен толықтығын басшылыққа алады.

— Редакция алқасы қолжазбаның зияткерлік мазмұнын нәсіліне, жынысына, діни көзқарасына, тегіне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына немесе авторлардың саяси қалауына қарамастан бағалайды.

— Қарастыруға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректер, ақпарат немесе идеялар құпия сақталады, жеке мақсатта пайдаланылмайды және үшінші тұлғаларға берілмейді.

— Плагиат болып табылатын ақпарат Журналда жариялауға жіберілмейді.

— Редакциялық алқа өзі қарастырған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты этикалық талаптар туындаған жағдайда дұрыс шаралар қабылдайды.

7.2 Авторлық материалдарды сараптамалық бағалауды орындайтын Рецензент өз іс-әрекетінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

— Рецензиялау үшін алынған қолжазба редакциядан өкілеттігі жоқ үшінші тұлғаларға танысу немесе талқылау үшін берілмейтін құпия құжат ретінде қарастырылады.

— Материалды бағалау бейтарап. Рецензия зерттеудің баяндалған нәтижелерін объективті және дәлелді бағалау болып табылады, материалды ұсыну деңгейі мен айқындығына, оның журнал профиліне сәйкестігіне, нәтижелердің жаңалығы мен сенімділігіне қатысты дәлелді сындарды қамтиды. Автордың жеке сынына жол берілмейді. Рецензенттердің ұсыныстары мақаланы жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдауға негіз болып табылады.

— Қарастыруға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді рецензент жеке мақсатта пайдаланбайды.

— Рецензент пікірінше, қолжазбаны бағалау үшін жеткілікті біліктілігі жоқ немесе объективті бола алмайтын уақытта (автормен мүдделер қақтығысы бар кезде) оның өтініші бойынша осы қолжазбаны рецензиялау процесінен шығарылады.

7.3 Қолжазбаны басып шығаруға дайындау және жіберу кезінде Автор (немесе авторлар ұжымы) келесі принциптерді басшылыққа алады:

— Ғылыми зерттеу нәтижелерінің жаңашылдығы мен дұрыстығы үшін бастапқы жауапты болады. Қате немесе бұрмаланған мәлімдемелер қабылданбайды.

— Жариялауға ұсынылған қолжазбада көрсетілген зерттеу нәтижелерінің түпнұсқалығына кепілдік береді.

— Автор көшіріп алған үзінділер немесе бекітулер автор мен бастапқы дереккөзді міндетті түрде көрсете отырып ресімделеді. Кез-келген формадағы плагиат, соның ішінде рәсімделмеген дәйексөздер, парафразалар немесе басқалардың зерттеу нәтижелерін иемдену рұқсат етілмеген.

— Мақаланың бірлескен авторлары ретінде жұмысты қалыптастыруға, ұсынылған зерттеуді әзірлеуге, орындауға немесе түсіндіруге елеулі үлес қосқан адамдар көрсетіледі; авторлар қатарында мақала жұмысана қатыспаған адамдарды көрсетуге жол берілмейді. Барлық авторлар жұмыстың соңғы нұсқасын мақұлдайды

және оны жариялауға ұсынуға келісім береді, олар оның мазмұнына бірдей жауап береді.

— Зерттеуге қатысқан немесе оған ықпал еткен барлық адамдардың үлесі жарияланымда танылады. Авторлар ұсынылған жұмыстың қалыптасуы мен орындалуы үшін маңызы бар басылымдарға сілтемелер береді. Жеке алынған деректер бастапқы дереккөздің жазбаша рұқсатынсыз пайдаланылмайды.

— Авторлардың бір қолжазбаны бір уақытта бірнеше журналға немесе жарияланған мақала ұсынуы этикалық нормаларды бұзу болып табылады және мақаланы қарастырудан шығаруға негіз береді.

— Мақаланы қарастыру сатысында немесе жариялағаннан кейін автордың тарапынан елеулі қате немесе дәлсіздік анықталса, оны түзету үшін дереу журналдың редакциясына жеткізіледі.

### **Мақаланың ресімделуіне және мазмұнына қойылатын техникалық талаптар**

Редакцияға жіберілетін ғылыми мақаланың көлемі суреттер мен кестелерді қосқанда 15...20 беттен аспауы және 5 беттен кем болмауы керек. Мақала мәтіні Microsoft Word бағдарламасында дайындалуы керек.

Қолжазба өрістері: жоғарғы және төменгі, сол жақ жиегі – 20 мм, оң жақ жиегі – 15 мм; жоларалық интервал – 1,2 мм көбейткіш; ені бойынша туралау; абзац шегінісі – 12,5 мм; өлшемі – 12 Times New Roman шрифті (стиль қалыпты) қолдану керек.

Мақаланың құрылымы келесі бөлімдерді қамтиды және «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспа ресімдеу» ГОСТ 7.5-98-ге сәйкес рәсімделеді:

**Тақырып (Заголовок /Title):** жеке жолдың сол жағында ЭОЖ индексін, оң жағында FTAMP кодын; авторлар туралы мәліметтерді (аты-жөнінің бастапқы әріптері мен тегі, мекеменің немесе ұйымның атауы, қаласы, мемлекеті, редакциямен хат алмасуға жауапты автордың электрондық поштасы), мақала тақырыбын қамтиды.

**Аннотация (Аннотация/Abstract):** «Реферат және аннотация . Жалпы талаптар» ГОСТ 7.9-95-ке сәйкес рәсімделеді. Аннотация ақпараттық (жалпы сөздерді қамтымауы керек); түпнұсқалы (ағылшын тіліндегі нұсқасы үшін жоғары сапалы ағылшын тілінде жазылған сөзбе-сөз аудармасы бар орыс тіліндегі аннотацияның калькасы болмауы керек); мазмұнды (мақаланың негізгі мазмұнын және зерттеу нәтижелерін көрсету); құрылымды (мақаладағы нәтижелерді сипаттау логикасын сақтау); ықшамды (100-ден 250 сөзге дейінгі көлемде) болуы керек.

Аннотация ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде беріледі;

**Түйін сөздер (Ключевые слова/Keywords):** мақалада пайдаланылған 3-тен кем емес және 10-нан аспайтын негізгі терминдер немесе қысқа сөз тіркестері.

Түйінді сөздер ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Мақала тіліндегі аннотация және түйін сөздер мақаланың негізгі мәтінінің алдында, басқа тілдегі аннотация мен түйін сөздер әдебиеттер тізімінен кейін орналасады.

**Кіріспе (Введение /Introduction):** зерттеудің өзектілігін негіздеу, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін сипаттау; зерттеу объектісі мен нысанасын сипаттау; зерттеу қорытындыларына қысқаша шолу.

**Материалдар мен әдістер (Материалы и методы/Materials and methods):** зерттеуде қолданылған әдістер мен материалдардың сипаттамасы, соның ішінде деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістері.

**Нәтижелер және оларды талқылау (Результаты и их обсуждение/Results and Discussion):** алынған нәтижелерді сандармен, кестелермен, графиктермен, суреттермен сипаттау.

**Қорытынды (Заключение /Conclusions):** алынған нәтижелер бойынша қорытындыларды құрастыру және көрсету; алынған нәтижелерді осы тақырып бойынша бұрыннан бар нәтижелермен салыстыру; алынған нәтижелердің практикалық мәнін бағалау.

**Алғыс (Благодарности /Acknowledgments):** зерттеуді қаржыландыру көзі (гранттар, мемлекеттік бюджеттік бағдарламалар) болған кезде ол туралы ақпарат көрсетіледі.

**Әдебиеттер тізімі (Список литературы /References):** анықтамалық библиографиялық тізім екі рет жасалады:

- «Әдебиеттер тізімі» - Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» ГОСТ 7.1-2003-ке сәйкес дереккөздердің

түпнұсқа тілінде (қазақ, орыс және басқа ағылшын емес тілдерде) рәсімделеді. Кириллица алфавитін қолданатын тілдегі дереккөздерге сілтемелер латын әріптерімен транслитерациялануы керек;

Транслитерацияны <https://antropophob.ru/utility-i-prochie-melochi/16-transliteratsiya-bsi> сайтында жасауға болады.

- ағылшын тілінде «References» (APA халықаралық библиографиялық стандартқа сәйкес рәсімделеді (<http://www.bibme.org/citation-guide/APA/book>)).

Сілтемелер нөмірленуі керек. Авторлар курсивпен жазылады.

Мақала мәтініндегі сілтемелер автордың тегі мен жарияланған жылы көрсетілген жақшада беріледі. Егер авторлар үштен көп болса, онда бірінші автор көрсетіледі және орыс тіліндегі басылымдар үшін «и др.», қазақ тіліндегілерге «және т.б.» және ағылшын тіліндегілер үшін «et al.» деп жазылады. Мысалы, (Швецов Е.Г. и др., 2013), (Shvetsov E.G. et al., 2013) немесе (Швецов Е.Г., Ружичка З., Миронов В.О., 2013), (Shvetsov E.G., Ruzhichka Z., Mironov V.L., 2013).

Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме жасауға жол берілмейді.

**Сведения об авторах (Авторлардың мәлеметтері/Information about authors)** келесі элементтерді қамтиды: аты, әкесінің аты және тегі; ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі; лауазымы немесе кәсібі; жұмыс орны (мекеменің немесе ұйымның, елді мекеннің атауы); елдің атауы (шетелдік авторлар үшін); электрондық мекенжайы (e-mail).

Мақаланың бөлімдері бір-бірімен келісілуі керек, мақала мәтінінен зерттеу гипотезасы (зерттеу мәселесі), зерттеу әдістемесі мен әдістері, зерттеу нәтижелері және олардың зерттеу жүргізілген әлеуметтік білім саласының дамуына қосқан үлесі түсінікті болуы керек.

Барлық аббревиатуралар мен қысқартулар, жалпыға белгілі қысқартулардан басқа, мәтінде бірінші рет қолданылған кезде толық түрде көрсетілуі керек.

Мақалада мәтінге сілтеме жасалған формулалар ғана нөмірленеді.

Кестелерде, суреттерде, формулаларда таңбаларды, белгілерді белгілеуде сәйкессіздіктер болмауы керек. Суреттер анық, таза болуы керек. Мәтін ішінде суреттер мен кестелерге сілтемелер болуы керек.

Кестелер кесте өрісінің қосымша шекарасынсыз құрастырылады, тек «тақырып» және кестенің сыртқы контуры белгіленеді. Кестенің нөмірі мен атауы кестенің үстінде, ескерту-оның астында.

Физикалық шамалардың бірліктері халықаралық СИ жүйесінде (ГОСТ 8.417-81) келтіріледі немесе СИ жүйесінде келтірілген бірліктердің аудармасы қатар беріледі.

Ұйымдардың, мекемелердің атаулары, жер атаулары және т.б. соңғы ресми редакцияда беріледі. Тарихи атаулардың қазіргі заманғы атаулары жақша ішінде беріледі.

1-кесте

М Сенек бойынша құм тасымалдау көлемдерінің негізгі статистикалық сипаттамасы

Атмосфералық құбылыстар	$\bar{M}$ , т/(км·жыл)	$\sigma$ , т/(км·жыл)	$C_v$
Боран	1321	605	0,46
Қарлы боран	2687	786	0,29
Екі құбылыс	4007	1118	0,28


Ескерту: барлық көрсеткіштер нормаланған

Суреттер жақсы ажыратымдылықпен TIF форматта жасалуы керек (кем дегенде 300 dpi), Векторлық сызбалар да олар жасалған (мысалы, Microsoft Excel) бағдарлама форматында ұсынылуы керек.

Суреттер түрлі-түсті және ақ-қара болуы мүмкін.

Сурет тақырыбы Times New Roman 11 курсив шрифтпен, бір интервалмен жазылады. Сурет нөмірі қалың шрифтпен ерекшеленеді. Сурет тақырыбынан кейінгі жолға ескертулер жазылады. Суреттің өрісінде белгілердің индекстерінен немесе сандарынан басқа жазуларға жол берілмейді. Суреттегі сандар мен әріптердің мөлшері мәтінмен бірдей, индекстер 1,5 мм-ден кем емес.

Мысалы:



*Сур. 1. Құмды желмен тасымалдау көлемінің орташа жылдық жылдық жүрісі. 1 - құмды жер, 2 - құмды дауыл, 3-екі құбылыс.*

Егер сурет басқа дереккөздерден алынған болса, онда дереккөзге сілтеме қажет.

Сандардың арасына дефис/сызықша емес, үш нүкте қойылады. Мысалы: 1961...2022, 15...20 м.

Санның бүтін бөлігі бөлшек үтірден бөлінеді.

Шамалардың өлшемділігі, оның ішінде «жж», м, °С және т.б. сандардан бос орынмен бөлінеді.

Назар аударыңыз! Ережелер бұзылып ресімделген немесе грамматикалық және орфографиялық қателері көп, ағылшын тіліне автоматты аудармасы бар мақалалар редакцияға қабылданбайды және авторларға мәні бойынша қаралмай қайтарылады.

Редакция қажет болған жағдайда авторлардан қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

Бастапқы шолудың нәтижелеріне қарамастан, өрескел қателер, өзге тілден келген сөздердің көптігі немесе қате дәйексөздер анықталған кезде мақала қабылданбауы немесе жұмыстың кез келген кезеңінде қайта қарауға қайтарылуы мүмкін.

**«Гидрометеорология және экология» журналында мақаланы жариялау үшін  
Рецензенттің бағалауы**

1. *Мақала журналдың тақырыбына сәйкес келе ме:*
  - Толығымен сәйкес келеді
  - Нақтылау, толықтыру қажет
  - Сәйкес келмейді
2. *Мақаланың тақырыбы өзекті ме, ол қазіргі ғылымның, техниканың, өндірістің дамуына қызығушылық тудырады ма:*
  - Өзекті
  - Өзекті емес
3. *Мәселені қоя білу:*
  - Анық
  - Нақтылау, толықтыру қажет
  - Түсініксіз
4. *Зерттеудің теориялық негізі:*
  - Автор отандық және шетелдік ғылымның жетістіктеріне жеткілікті дәрежеде сүйенеді
  - Теориялық базаны кеңейту және тереңдету қажет
  - Теориялық негіз анық емес
5. *Зерттеу әдістемесі:*
  - Қойылған міндеттерге сәйкес келеді
  - Нақтылау қажет
  - Анық емес немесе қойылған міндеттерге сәйкес келмейді
6. *Зерттеудің өзіндік ерекшелігі:*
  - Жоғары (автордың өзіндік көзқарасы бар)
  - Орташа (автор қолда бар көзқарастарды нақтылайды, толықтырады)
  - Төмен (автор бар пікірлерді қайталайды)
7. *Зерттеу нәтижелерінің ғылыми / практикалық маңыздылығы:*

Пікірлер орны
8. *Жасалған қорытындылардың негізделуі:*
  - Жеткілікті
  - Жеткіліксіз (бірқатар мәлімдемелер мақала мәтінінен туындамайды)
  - Тұжырымдар анық емес немесе жоқ
9. *Библиографиялық тізімнің толықтығы мен өкілдігі:*
  - Жоғары деңгей (жеткілікті дереккөздерді, соның ішінде шетелдік, өзекті дереккөздерді қамтиды, өзін-өзі бағалау үлесі оңтайлы)
  - Орташа деңгей (шетелдік, өзекті дереккөздерге сілтемелер санын көбейту есебінен пысықтауды талап етеді)

- Төмен деңгей (сілтемелердің аз санын қамтиды немесе онда нормативтік дереккөздерге сілтемелер басым; электрондық ғылыми кезеңділікке қатысы жоқ Интернет-ресурстар; өзекті басылымдарға, шетелдік дереккөздерге сілтемелер жоқ, өзіні цитаталаудың жоғары пайызы)

- Тізім жоқ

10. *Тіл және стиль:*

- Жақсы (орыс/қазақ тілінің нормаларына және ғылыми мақала жанрына сәйкес)
- Қанағаттанарлық (жеке тілдік қателер, стилистикалық қателер жіберілді)
- Қанағаттанарлықсыз (көптеген тілдік қателіктер жіберілді, мәтін стилистикалық тұрғыдан сақталмады)

11. *Ойлау логикасы:*

- Анық және сенімді
- Қайта қарауды қажет етеді
- Анық емес

12. **Ұсыныс:**

- Материалды қабылдау
- Нақтылау қажет
- Рецензияға қайта жіберу
- Басқа жерге жіберу
- Мақаланы қабылдамау

«Қазгидромет» РМК  
Бас директоры  
2023 ж. «24» сәуір  
№ 387-Ө бұйрығына  
2 қосымша

**"Гидрометеорология және экология" ғылыми-техникалық журналы  
Редакциялық алқаның құрамы**

**Бас редактор**

Алимбаева  
Данара Кизатовна

- "Қазгидромет" РМК Бас директоры,  
Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік  
метеорологиялық ұйым жанындағы ресми  
өкілі, Астана қ., Қазақстан

**Бас редактор орынбасары**

Саиров  
Серик Бияхметович

- "Қазгидромет" РМК Бас директорының  
орынбасары, геогр.ғылым.канд., Астана қ.,  
Қазақстан

**Жауапты хатшы**

Елтай Айзат Ғалиқызы

- "Қазгидромет" РМК Ғылыми-зерттеу  
орталығы Каспий теңізінің  
гидрометеорологиялық зерттеулер басқарма  
бастығы, Астана қ., Қазақстан

**Редакциялық алқа мүшелері**

Абаев Нурлан  
Нусипбаевич

- "Қазгидромет" РМК Ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры, Астана қ.,  
Қазақстан

Абдрахимов  
Рустам Гарифович

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ метеорология  
және гидрология кафедрасының доценті,  
техн.ғылым.канд., Алматы қ., Қазақстан

Волчек  
Александр Александрович

- Профессор, Брест мемлекеттік техникалық  
университетінің Инженерлік жүйелер және  
экология факультетінің деканы, геогр.  
ғылым.докт., Беларусь Республикасы

Галаева Анастасия  
Владимировна

- "Қазгидромет" РМК Ғылыми-зерттеу  
орталығы Каспий теңізінің  
гидрометеорологиялық зерттеулер  
басқармасының жетекші ғылыми қызметкері,  
PhD, Алматы қ., Қазақстан

Гафуров Аброр

- GFZ Неміс Жер туралы ғылымдарды зерттеу  
орталығы, Потсдам, Германия, PhD

Муртазин Ермек Жамшитович	-	Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геозкология институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, геолог.-минер. ғылым канд., Алматы қ., Қазақстан
Мустафаев Жумахан Сулейменович Наурызбаева Жанар Куанышевна	-	География және су қауіпсіздігі институты АҚ, техн.ғылым.докт., Алматы қ., Қазақстан "Қазгидромет" РМК Ғылыми-зерттеу орталығы Каспий теңізінің гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасының жетекші ғылыми қызметкері, геогр.ғылым.канд., Алматы қ., Қазақстан
Опп Кристиан	-	Профессор Филипс Университеті, геогр.ғылым.докт., Марбург қ., Германия "Каспий теңіз ғылыми-зерттеу орталығы"
Островская Елена Васильевна	-	Гидрометеорология және қоршаған ортаны бақылау жөніндегі Федералды қызметі (РОСГИДРОМЕТ), геогр.ғылым.канд., Астрахань қ., Ресей
Сальников Виталий Григорьевич	-	Профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география және табиғатты пайдалану факультетінің метеорология және гидрология кафедрасы, геогр.ғылым.докт., Алматы қ., Қазақстан
Степанов Борис Сергеевич	-	«Қазгидромет» РМК Селдік процестерді зерттеу және селдерді болжау басқармасының жетекші ғылыми қызметкері, техн.ғылым.докт., Алматы қ., Қазақстан
Терехов Алексей Геннадьевич	-	«Қазгидромет» РМК метеорологиялық зерттеулер және есептеулер басқармасының жетекші ғылыми қызметкері, техн.ғылым.канд., Алматы қ., Қазақстан
Чередниченко Александр Владимирович	-	"Тұран" университеті, геогр.ғылым.докт., Алматы қ., Қазақстан
Яфязова Роза Кайюмовна	-	«Қазгидромет» РМК Селдік процестерді зерттеу және селдерді болжау басқармасының бастығы, геогр.ғылым.докт., Алматы қ., Қазақстан